



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## **ЖІБЕК ЖОЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛДЕУІНІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Багитжанова Жанар Багитжанқызы**

zhaaanb@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Г.М.Джумадилова


2017 жылы 17 қаңтарда Швейцарияның Давос қаласындағы Бүкіләлемдік экономикалық форумның жыл сайынғы сессиясының ашылуында сөз сөйлеп, «Эпохалық жауапкершілікті біріге көтеріп, жаһандық дамуды бірлесіп ынталандыру» тақырыбында баяндама жасады. ҚХР-ның басшысы 100-ден астам елдер мен халықаралық ұйымдар оны «бір белдеу - бір жол» бастамасы басталған кезден бастап үш жылдан астам уақыт бойы белсенді түрде қолдады деп мәлімдеді. Атап айтқанда, Қытаймен 40-тан астам мемлекет пен халықаралық ұйымдар ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған. «Бір белдеудегі бір жол» достарының тобы кеңейіп, соңғы үш жыл ішінде қытайлық кәсіпорындардың «бір белдеу, бір жол» бойындағы елдерге инвестиция көлемі 50 миллиард доллардан асты. «Бір белдеу - бір жол» бастамасы Қытайдан шығады, бірақ оның нәтижелері бүкіл әлемге пайда әкеледі.

Давоста өткен Бүкіләлемдік экономикалық форумда ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин өзінің бағдарлы сөзінде көпшілікті 2017 жыл 14-15 мамырда Пекинде өтетін «Бір белдеу, бір жол» атты Халықаралық ынтымақтастық форумына (BRF) қатысуға шақырды. Форумның мақсаты - халықаралық ынтымақтастықты тереңдету үшін өзара қарым-қатнастарды реттеу, жеткен жетістектерді қортындалап, бұдан кейінгі іс-шараларды жоспарлау, заманауи Жібек жолын жасауды жалғастыру тетігін өзара жан-жақты кеңесіп жүргізу арқылы құру, Жібек жолы бойы елдерінің әрекеттерінің жоспары мен стандарттарын бір жүйеге келтіру. [1]

Пекинде «Бір белдеу - бір жол» атты халықаралық ынтымақтастық форумы өтті. Онда әлемнің қырыққа жуық мемлекетін қамтитын жобаның өзекті мәселелері талқыланды. Оған Қазақстан тарапынан салмақты делегация барып қатысқан болатын. Нұрсұлтан Назарбаев «Бір белдеу, бір жол» бастамасы жаңа геоэкономикалық парадигма қалыптастыруға мүмкіндік беретінін мәлімдеді. Оның табысты іске асуы, жинақтап алғанда, 4,4 млрд адам тұрғынды қамтитын елдерге пайда әкеледі. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы жаңа Жібек жолы бойында орналасқан елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытудың маңыздылығын және «Бір белдеу, бір жол» идеясын ойдағыдай іске асыру үшін мүдделі елдер арасында өзара сенімнің орнығуы, олардың тең құқықтылыққа және жан-жақты ынтымақтастыққа дайын болуы маңызды екенін атап өтті. [4]

Сонымен қатар айта кететін жайт 2017 жылдың басында Қытайдан алғашқы пойыз Ұлыбританияның астанасына, Лондонға келді. Ол қытай өнімдерімен, соның ішінде киім, мата, тұрмыстық тауарлармен бірге 58 контейнер әкелген болатын. Пойыздың жолда жүру уақыты 18 күн, 12 мың шақырым құраған. Ол Қазақстан, Ресей, Белоруссия, Польша, Германия, Бельгия, Франция шекараларын кесіп өтіп, Ла-Манш бұғазы астындағы тоннель арқылы Лондонға жеткен. [3]


Қытайлық жаңа бастама, негізінен, үш стратегиялық мақсаттарды көздеуі мүмкін:



Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Қытайдың негізгі міндеттері:



Жібек жолы бойында орналасқан Еуразия елдері олардың әрқайсысы үшін Қытай өзінің бастамасы шеңберінде ерекше рөл атқаратын шартты түрде бес аймаққа топтастырылуы мүмкін. Ең алдымен, Еуропамен, Ресеймен, Иранмен, Түркиямен сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту форпосты ретінде Орталық Азия аймағы, яғни Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түрікменстан белгіленген. Қазақстан және Орталық Азия тұтастай алғанда Орталық Еуразиядағы маңызды геостратегиялық позицияны иеленеді. Бұл елдерде қымбат металдар, кендер мен металлургиялық шикізаттар, энергетикалық ресурстар бар. Бұл аймақта әлемдегі ірі орталықтардың (Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО және т.б.) геосаяси және экономикалық мүдделері қатаң түйінге тоғысады. [2]



[4]

Инфрақұрылымға инвестициялар және кейінгі жеңілдіктер, трансконтинентальдық сауда үшін де, Қазақстан экономикасы үшін де негізгі өсімге айналды.

Қазақстанда транзиттік дәліз ретінде өз позициясын нығайтуға елеулі инвестициялар жасалды. Соның ішінде Қытаймен шығыс шекарадағы құрғақ порт «Қорғас - Шығыс қақпасында» 3,5 млрд. астам доллар бар. Логистикалық қызметтердің әлемдегі ең ірі жабдықтаушыларының бірі COSCO Shipping және Lianyungang Port Holdings Group қазақстандық тарапқа өзінің серіктестерінің мол тәжірибесін пайдалану мүмкіндігін беріп, жақында трансұлттық жобаны жүзеге асырды.

Басқа маңызды инвестициялар Шалқар-Бейнеу темір жолы, Жезқазған-Сексеуіл теміржолы және Құрық портын қамтиды. Дәліздер мен әлеуетті арттыру нәтижесінде Қазақстанның транзиттік аймақ ретінде рөлін күшейтеді. «Самұрық-Қазына» қорының хабарлауынша, инфрақұрылымға салынатын инвестициялар жыл сайын Қазақстанның экономикалық дамуына 0,1% - 0,2% деңгейінде ықпал етеді. [2]




[7]

«Қазақстан темір жолы» АҚ мен оның «Самұрық-Қазына» акционері Жібек жолы үшін транзиттік нүкте ретінде Қазақстанның дамуында орталық рөл атқарады. Бұл ретте ҚТЖ-ның рөлі Қазақстан арқылы тауарлардың транзиті үшін сенімді платформаны құру үдерістерін жетілдіруге бағытталуы керек және «Самұрық-Қазына» ұзақмерзімді мультимодальды көлік жүйесін дамытуға қолдау көрсетуі тиіс, бұл электр және көлік инфрақұрылымын бөлу бойынша елеулі инвестицияларды, сондай-ақ Қазақстан арқылы өтетін транзиттік трафикті қажет ететін бюрократиялық үдерістерді жеңілдету үшін нормативтік талаптарды төмендету үшін өз ықпалын қолдануды қамтиды. [2]




Табысты іске асыруға арналған құралдар [2]

ЕО мен Қытай арасындағы сауда салмағы мен құны бойынша жыл сайын өсуде. ОРОР электроника және жоғары деңгейдегі тағамдар сияқты жақсы өнімдерді жылдам жеткізуге мүмкіндік береді. Барынша көп көлемдегі поездар Еуразияға өтеді, ал жақсартылған инфрақұрылым оларға көп контейнерлерді тасымалдауға мүмкіндік береді.[7]




[6]

Қазақстанның орталық позициясы транзиттік хаб ретінде өз ұстанымын одан әрі нығайтуға ықпал етеді. Атап айтқанда, 2050 жылға дейін Үндістан жүк тасымалы 7 есеге артып, Қазақстан үшін мүмкіндіктерді кеңейтеді деп күтілуде.[6]



Қазақстан экономиканың жай-күйіне, басқаруға және «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасын табысты іске асыруға әсер ететін негізгі көрсеткіштерден артта қалып отыр[5]



Инфрақұрылымдық инвестицияларға арналған Азия банкін құру және Жібек жолының қоры - бұл Жібек жолындағы елдерде көп жақты ынтымақтастықты нығайту үшін үлкен маңызға ие қытайлық бастаманың мықты сәті болып табылады. Бұл энергетика, көлік, байланыс және экономиканың басқа салаларында бірлескен жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. [2]

### Қазақстанда ЖЖЭБ-ны жүзеге асыруына SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қысқа жолды континент арқылы бағыттауға мүмкіндік беретін елдің қолайлы географиялық орналасуы.</li> <li>2. Көліктік-логистикалық инфрақұрылым (КСРО меншігі) дамыды.</li> <li>3. «Нұрлы жол» және «Жаңа Жібек жолы» мемлекеттік бағдарламасының келісімі.</li> <li>4. Елдегі және оның шекарасындағы тұрақты әлеуметтік-саяси жағдай.</li> <li>5. Көлік инфрақұрылымын дамыту есебінен өндірістің өсуі және халықты жұмыспен қамту.</li> <li>6. Транзиттік жүк ағындарының жоғары қауіпсіздігін қамтамасыз ету.</li> <li>7. Мультимодальдық көлік жүйесі, маршруттар мен жеткізілім құралдарын таңдаудың кең спектрін қамтамасыз етеді.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстандағы көліктік-логистикалық жүйені дамытудың бірыңғай тұжырымдамасының болмауы.</li> <li>2. Көлік инфрақұрылымының техникалық жай-күйінің төмендігі және нашарлауы.</li> <li>3. Тауарлардың транзитінің жоғары құны.</li> <li>4. Көлік және кедендік кедергілердің болуы.</li> <li>5. Білікті мамандардың жетіспеуі және АТ-технологияларының әлсіздігі.</li> </ol>
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Халықаралық нарықтарға шығу үшін көлік қатынасын әртараптандыру.</li> <li>2. Көлік, логистика және ақпараттық-қаржылық жүйелерді халықаралық хаб деңгейіне дейін дамыту.</li> <li>3. Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын және инвестициялық тартымдылығын арттыру.</li> <li>4. Өзін-өзі дамыта отырып, қайта инвестициялаудың жоғары деңгейімен өзін-өзі қамтамасыз ететін тиімді логистика.</li> <li>5. Айналымның ұлғаюы.</li> <li>6. Экспортқа бағытталған өнімдерді өндіруге арналған әлемдік нарықтың қажеттілігін зерттеу.</li> <li>7. Ішкіконтинентальды маршруттар бойынша</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көлік ағынының егемен мемлекеттер аумағынан өтеді.</li> <li>2. Табиғи қауіптер мен техногендік апаттар.</li> <li>3. Ұлттық экономиканың шикізаттық бағыттылығын сақтау.</li> <li>4. Қазақстан нарығында Қытайдың сауда, экономикалық және көші-қон экспансиясының күшеюі.</li> <li>5. Қазақстандық кәсіпорындар үшін бәсекелестіктің күшеюі.</li> <li>6. Табиғи ортадағы экологиялық жағдай жүктемесінің артуы.</li> <li>7. Елдегі қытай басымдықтарының</li> </ol>



«Жібек жолы экономикалық белдеуі» жобасы Қазақстанның өңірлік еңбек және кооперация, халықаралық бизнес және инвестицияларды бөлу, тауарлар және қызметтермен сауданы дамыту, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құру және құндылықтар тізбегін дамытуға қатысуына жаңа мүмкіндіктер туғызады.

«Жібек жолы экономикалық белдеуі» жобасының жүзеге асуы үкөлік инфрақұрылымын жақсартуға, Қазақстанның Жібек жолы елдерінің теңіз порттарына қолжетімділігін қамтамасыз етеді, қазақстандық тауарлардың әлемдік нарықтарға жеткізілуін жеделдетуге, сыртқы және өзара сауда-саттықты арттыруға, отандық экспорттаушылардың шығындарын азайтуға, оның ішінде сауда кедергілері мен шектеулерін жоюға, жаңа инвестициялар мен бірлескен жобаларды тартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Жібек жолының экономикалық белдеуін қалыптастыру әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен елдердің өмір сүру деңгейіндегі қазіргі айырмашылықтарға, яғни Орталық Азиядағы көліктік-логистикалық инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, көліктік және экспедициялық қызметтердің нашар деңгейі, жылжымалы құрамды пайдалану тиімділігінің төмендігі, жергілікті кәсіпкерлердің халықаралық деңгейде бәсекеге түсуі және сыртқы нарыққа шығуға дайын еместігіне байланысты шектелетін болады. Қазақстан үшін қауіптің бірі ұлттық экономиканың шикізаттық бағыттылығын сақтау болуы мүмкін, себебі қытайлық компаниялардың инвестициялық жобалары ең алдымен мұнай мен табиғи газ өндіруге байланысты. Басқа қатерлерге Қазақстан нарығына Қытайдың сауда, экономикалық және көші-қон экспансиясының күшеюі, Қытай кәсіпорындарымен демпингтің өсуі, Қазақстандағы Қытаймен құрылған кәсіпорындардағы қытайлықтар басымдығы, жұмыссыздықтың өсуі, сауда балансының нашарлауы, контрабандылықтың көбеюі, Қазақстандық кәсіпорындардың бәсекелестігінің артуы, қоршаған ортаның нашарлауы және т.б. жатады.

Қазіргі заманғы көлік инфрақұрылымы мен коммуникациялар негізінде қайта жандандырылған Ұлы Жібек жолы Еуропа мен Азия, сондай-ақ Жібек жолының бойындағы елдер арасындағы тауарлардың, қызмет көрсетулердің, капиталдар мен жұмыс күшінің жылдам дамуын қамтамасыз ете алады.

Әлемдегі ірі қаржы орталығы ретінде Қытай орта мерзімді перспективада аймақтық инфрақұрылымды дамытуға үлкен қаражат салуға қабілетті, ол үшін Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар банкі және Жібек Жолы Қорын құруға бастама көтерді. Қазақстанға Орталық Азияның басқа да елдеріне секілді «Жібек жолы экономикалық белдеуі» қытай бастамасын жүзеге асыруға қатысу, аймақтық ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктері мен артықшылықтарын тиімді пайдалану, сонымен бірге тәуекелдер мен қауіптерді барынша азайту маңызды. Қытай Жібек жолын жандандыру тұжырымдамасының аясында әртүрлі аймақтық интеграциялық бірлестіктердің (ШЫҰ, ЕвразЭС, ЭЫҰ, ОАӨЭЫ және т.б.) қатысушылары болып табылатын Жібек жолындағы мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндігін қамтамасыз ету маңызды.

Қорытындылай келе, Қазақстан «Жібек жолы экономикалық белдеуі» тұжырымдамасы үшін кездейсоқ таңдалмағанын атап өту керек. Қытай басшылығы Қазақстанды Орталық Азиядағы басты және перспективалық сауда-экономикалық әріптес ретінде қарастырады. Сонымен қатар, Қазақстан Қытайдың Орталық Азия елдерімен саудасының 70% -дан астамын құрайды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. [http://russian.news.cn/2017-01/18/c\\_135991232.htm](http://russian.news.cn/2017-01/18/c_135991232.htm)
2. <https://www.pwc.kz/en/publications/new-2017/silk-way-publication-rus.pdf>
3. <http://cdnmg.vesti.ru/doc.html?id=2844565&cid=9>
4. [http://www.akorda.kz/kz/events/international\\_community/foreign\\_visits/nursultan-nazarbaev-bir-](http://www.akorda.kz/kz/events/international_community/foreign_visits/nursultan-nazarbaev-bir-)

beldeu-bir-zhol-atty-halykaralyk-yntymaktastyk-forumyna-katysty

5. Бугаенко А. Экономический пояс Шелкового пути: цели и перспективы // Казахстан в глобальных процессах. – 2015. - № 1. – С. 64-73 // <http://iwep.kz/ru/magazine/2015>

6. Всемирный банк // <http://www.worldbank.org>

7. <http://ec.europa.eu/eurostat/>

ӘОЖ 339.92

## ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ «ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»

**Базарбай Әкежан Қайратұлы**

[Akezhan\\_8@mail.ru](mailto:Akezhan_8@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Б. М. Батишева

XXI ғасыр- дамыған технологиялар және өмір сүру сапасының оңтайланған уақыты. Егер бұрынғы уақытта кітап оқымау артта қалушылықтың белгісі болса, бүгінгі таңда ақпараттардан хабардар болмау артта қалушылықтың белгісіне айналаған. Сәйкесінше, мемлекеттердің де даму жолы осы қағидатқа негізделген, яғни неғұрлым мемлекет соңғы технологияларды иемденсе, соғұрлым мемлекеттің даму көрсеткіші айқындалады. Әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттер дегенде Жапония, АҚШ, Оңтүстік Корея және т.б. мемлекеттер ойымызға келеді, сәйкесінше әлемнің технологиясы ең мықты дамыған мемлекеттер (2017) осы мемлекеттер болып табылады.[3] Сондықтан да елді жаңа технологиялармен жабдықтау, оны дамыту өте маңызды мәселенің бірі болып табылады, әсіресе Қазақстан сияқты дамушы мемлекеттер үшін, өйткені ол көрсеткіштегі алдыңғы орындардан бөлек көптеген пайда әкеледі: халықтың тұрмыс деңгейі жақсарады, дамыған қалалар мен аймақтар туризм саласына, инвесторлар үшін өте тартымды болады, халықаралық аренада мемлекеттің имиджі қалыптасады және т.б. көптеген пайдасын тигізеді. Соған сәйкес елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2017 жылдың 31 қаңтарындағы Қазақстан халқына кезекті жолдауында [4] «Цифрлық Қазақстан» жобасын жасауға тапсырған еді. Елбасымыз атап өткендей жаһандық бәсекеге қабілетті болуымыз үшін осы саладан бастауымыз қажет. Елдің технологиялық дамуы жолдаудың негізгі бес басымдылықтардың ішінде алғашқысы болып айтылуы, осыған орай да шығар. Сонымен, «Цифрлық Қазақстан» дегеніміз не? Цифрлық Қазақстан- 2018-2022 жылдар арасындағы мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдаланумен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оған қоса ұзақ мерзімде Қазақстанның экономикасын толық цифрландыруға өтуге даму жолын қалыптастыру. Ол екі бағыт арқылы жүзеге асырылады:

– «Қазіргі экономиканы цифрландыру»- экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және цифрлық инфрақұрылымды құру болып табылады.

– «Болашақтың цифрлық индустрияны құру»- адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институтын құру және цифрлық экожүйені қалыптастыру.

Осы кең ауқымды перспективадаға сәйкес, бағдарлама 5 ірі салалар арасында жіктеледі:

1. Экономикалық саланы цифрландыру;
2. Цифрлік мемлекетке көшу;
3. Цифрлық Жібек жолын іске асыру;
4. Адами капиталды дамыту;
5. Инновациялық экожүйені құру.

Бұл бағдарламаның елге әкелетін өзгерістері мен Қазақстанның халықаралық аренадағы өзгерістері қандай?